

XIX МЕН XX Ғ. БАСЫНДАҒЫ ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ОРНЫҒУЫ ТҮСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САНАСЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ СТЕРЕОТИПТЕР: А. БАЙТҮРСЫНҰЛЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНЕН

*Мусин А.М., 2-ші курс магистранты,
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан*

Халқымыздың қазіргі таңға дейінгі жүріп өткен жолындағы терең өзгерістермен сипатталатын, соған байланысты бүгінгі сұраныстар тұрғысынан қорытуға мұқтаж тақырыптардың бірі – XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басындағы жарты ғасырға созылған патшалық отарлау кезеңі және сол тарихи периодтағы ел өмірінде орын алған өзгерістер. Ресей империясы үшін зор стратегиялық маңызға ие болып, қазақ жерінде жүргізген мақсатты қоныстандыру саясатының нәтижесі: бірнеше ұлттық анклавтардың пайда болып, олардың арасында орын алған өзара ықпалдастық, халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне әсер етпеуі, әрине, мүмкін емес еді.

Осы тұрғыдан алып қарастырғанда, мақаламыз жалпы патша үкіметінің қоныс аудару саясаты төңірегіндегі қазақ халқының әлеуметтік-психологиялық жағдайы, менталитеті мен оның ерекшеліктеріне арналған. Себебі, бұл - теориялық және практикалық мәні бар актуальды дүние. Патша үкіметінің қазақ жеріндегі отарлау саясаты саяси-экономикалық мақсатты ғана көздеген жоқ, сонымен бірге рухани-мәдени саланы да қамтуы тиіс болды. Себебі, орыстандыру саясатын толық жүзеге асыру үшін жергілікті тұрғындардың рухани өміріне ену аса қажет мемлекеттік маңызы бар жоспарлардың бірі еді. Ұсынылып отырылған мәселеге қатысты Алаш зиялыларының көрнекті өкілі Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығына талдау жасай отыра, аталған кезеңдегі қазақ халқының дүниетанымы мен рухани деңгейі жайлы түсініктерді қалыптастыра аламыз.

Сол уақытта өмір сүрген ұлттық интеллигенция көсемдерінің бірі – Ахмет Байтұрсынұлы. Ұлт қайраткерінің өмірі, тағдыры, мұрасы – оның ғасырдың ұлы перзенті екендігінің айғағы. Ол күрескен қазақ халқының санасындағы кесапаттар: надандық, қараңғылық, ұйқышылдық, адами хайуандық, отаршылдық, ұлттың азуы мен тозуы, оның бұратаналық болмысы, жараланған жан жарасы, құлшылдық санасы, таланған жері, қансыраған тілі, шоқындыру саясатынан жансыздана бастаған діні, орыстандырыла бастаған ділі. Бір сөзбен айтқанда, қазақ халқының болашақта болу-болмау альтернативасы. Ахмет Байтұрсынұлының күресі ел тағдыры үшін болған күрес.

Академик тарихшы Манаш Қозыбаевтың айтуынша: «Ахмет Байтұрсынұлы – XX ғасырдың феномені. Оның есімі, осы дүбірлі ғасырдың түбірлі, түбегейлі құбылыстарымен тағдырлас. Сондықтан Байтұрсынұлытану шын мәнінде ғасыр тану десе болады. ...Ахметтануды дамыту барлық гуманитарлық ғылымдардың ортақ парызы».[1, 9-б.] Яғни, ұлт ұстазының ағартушылық тұрғыдағы еңбектерін зерттей отыра, одан қазіргі қоғамның мұқтаждығына керекті рухани мұраларды толыққанды жеткізе білу керек.

Қазақ халқы отаршылдық құрығына ең алдыңғы болып ілініп, ең соңғы болып босады. Тәуелсіз елімізге мемлекетшіл сана ауадай қажет. Ол ұлттық менталитетті жасампаз күшке айналдыратынын Жапония тәжірибесі мен тарихы толық дәлелдеді, әрі Алаш қайраткерлері де осы ұстанымды өз шығармашылықтарында кеңінен дәріптеді. XX ғасыр басындағы Алаш ардақтыларының жапон моделін ұлықтауындағы астарында терең мағына жатқанын ұғынсақ, жаман болмаспыз. Ештен кеш жақсы.

Алдымен, менталитет дегеніміз не екенін анықтап алайық. Менталитет адамдар қауымдастығына ғана тән әрі ол кез келген халықтың интеллектуалды әлемінің негізі (ақыл-ісі), іс-әрекетінің қуаты (рухы), ұлттық коды (болмысы). Осының бәрі және әрқайсысы өзге этностармен ұқсастығын, алыс-жақындығын, сондай-ақ төлтумалығы мен ерекшелігін айшықтап тұрады. Есте жоқ ескі заманнан әлем бірігу мен кірігу үстінде. Олда тарих пен менталитетке таңбасын салады.

Тарихтан тыс менталитет жоқ, менталитеттен тыс тарих жоқ. Бұл арақатынаста алдымен тарих, сонан соң - менталитет формуласы жүрмейді. Биік менталитет аясында ұлттың өзіне ғана тән «Мен»(дүниетаным) қалыптасады. Онсыз қазақтың ән-күйін, шешендік сөздерін, мінезін, психологиясын түсінбек түгілі елестету мүмкін емес. Жоғарыдағы көрсетілген ерекшеліктерге байланысты әр ұлттың мінез-құлқы, менталитеті қалыптасады. Бұл туралы ұлы Абай өзінің 39 қара сөзінде: «...бабаларымыздың бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен... Олардың бірі - көсемге бағынып, дүйім елдің көсегесін көгерту. Ал, екіншісі - намысқойлық» - Ендеше, айтып отырған мәселенің Абайдан бастап, күні бүгінге дейін күн тәртібінен түспегендігін көреміз.

«Намыс» - көшпелі өркениеттің ғасырлар бойы қанында сақталып, «Ұлы дала заңдарының» негізгі идеясы. Осы ұғым Алаш зиялыларының XX ғасыр басындағы күресінің негізгі «Темірқазығына» айналды десек қателеспейміз.

С.Сейфуллин 1923 жылы 30 қаңтарда «Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды» деген мақаласында: «байлардан бөліп жарлы табының ғана намыстарын жыртып, арын жоқтаған жоқ. Қазақ халқын байға, кедейге бөлмей, намысын бірге жыртып, арын бірге жоқтады» – деп әділ көрсетеді.[2, 84-б.] Бұл тұтас ұлттың, тегіс отарлы елге айналған шығыстың азаттық майданы еді. Ахаңның өз тілімен айтсақ, Алаштың зиялылары «жұртым деп халықтың арын арлады, зарын зарлады, халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын» қорғады. Ол жалпыұлттық зар – отаршылдар тартып алған нулы, сулы ата қонысы, ана тілі, ұлттық ділі, ислам діні еді. Оқуға аттандырған да намыс. Оған қанағаттандырмаған да намыс. Елің теңелмей тұрып, өзің теңелмейтініңді ұқтырған да намыс. Көршілес екі халықтың мәдениеттері үзбей байланыста болуы нәтижесінде әлсіз әлдісінің ықпалына жығылып, бастапқы айырмашылықтарының бәрінен айырылып, ақыр соңында бір ұлтқа айналады дейтін қисын бел алып кетпей тұрғанда, апаттың алдын алу жолында аласұртқан да намыс. Әрі мәдениетке жетілу, әрі өз қалпынан айырылып, өзге болып кетпеу сияқты аса шытырман мәселенің төңірегінде ойын он саққа, қиялын қырық саққа жүгірткен де намыс.

Намысшылдық адамның бойындағы ұлтқа деген махаббатын оятады: *«Адамға ең қымбат нәрсе – жұрт қамы, жұрт ісі», «Ұлтын керек қылып, халыққа қызмет қыламын деген қазақ балалары қазақ жұмысына қолынан келгенше қарап тұрмай кірісіп істей берсе – ұлт жұмысы ұлғайып, толықпақшы», «Қазақтың бас адамдары! Әуелі сіздер адаспаңыздар: адаспас үшін ақылдасып, ойланып, ынтымақпен іс етіңдер»* - деген және тағы да басқа қаншама сөздері Ахмет Байтұрсынұлының зор адамгершіл тұлғасын аңғартады.[2, 181-б.] Егер Ақаң ұлтын соншалықты сүймесе және ондай перзенттік махаббат телегей білім, зор жігер және қажырлы қайратқа сүйенбесе, дүрбелең кезеңде туған елі мен халқы үшін өмірін қатерлі тәуекелге тікпес еді. Ұлт мұраты үшін әлдеқайда күшті, зорлықшыл үкіметке қарсы күреске шыққандардың барлығы да үлкен тәуекелшіл тұлғалар. Олар отарлық езгідегі елде өмір сүріп, сол отаршылдардың қатаң бақылауында бола тұра қазақ халқының еркіндігі мен ұлттық мемлекет жайлы ой-пікірлерін ашық түрде сол кездегі баспасөз бетінде «Қазақ» газеті арқылы жариялап, шығарып, таратып жатты. Қазақ білім мен ғылым үйренсе, басқа халықтармен терезесі тең болар еді деген идеялар, бодандықта өмір сүруші халық үшін еркіндігінің болмауы арман ғана еді. Себебі сол бір уақыт шеңберінде қазақ халқының санасын шектеп, дамуына кедергі болған біршама психологиялық факторларда жетерлік еді.

Ахмет Байтұрсынұлы ол туралы: «Қамсыз жатқан қазақтың көңіліне соңғы кезде ғана кіре бастады... Басқа келген нәубеттің қайдан келгенін, кімнен болғанын біле алмай, әркімнен көріп өкпелейді... Пайдаланып отырған жерін мұжыққа алып берді деп үкіметке өкпелейді... Көп жұртта да ғылым, өнер кем, бәрі қарайлас тең заманда қазақ та қалт-құлт етіп өз алдына хан болып жүрді. Хандары да, халқы да ғылым өнерді керек қылмаған... Өзге жұрттар ілгері басқанда, қазақ кері басқан... Бүгін тойғанына мәз болып, ертеңісін ұмытатын қазақ бүгін жерін сатып тойып, ертең тентіреп кетер еді... Қазақ облыстарындағы мұжық қалаларының көбін хакім қондырған жоқ, қазақ өзі қондырған. Естектер сықылды шай, қант, шүберекке қызығып, жер жалдап, мұжықты ішіне кіргізген

өзің емес пе?!.. Амалыңды түзет, түземесең ешкімге кінә қойма. Беті жаманның айнаға өкпелеуі жөн бе? Ниеті жаманның Аллаға өкпелеуі жөн бе? Талап жоқ, үміт мол халықпыз... «Қараған қарап қалар» деген қазақта жақсы мақал бар, бірақ, ол мақалды ескеретұғын қазақ жоқ. Қарап жатқанда табылатын болса, ғылым, өнер баршасы қазақта болар еді, олардың бірі де көрінбейді... Өзімізге өкпелемесек, өзгеге өкпелер бет жоқ...[3, 246-б.] « Қазақ - қасиеттен айырылып, азған халық » - деп ақынның өз халқына іштей күйініп, оның (халықтық) қасиеттен айырылып, азғындаған халі жайлы:

« Бұл бір сөз қасірет айтып, хатқа жазған, қасиет, қазақ азған;
Қалмаған түк Байға мал, оқығанға шен мақсат боп,
Ойлайтын жұрттың қамын адам азған..." [4, 6-б.]

Оған қоса: « Қазақ - жалаңаяқ, жалаңбас, жеңдері киюсіз, етектері жиюсіз, ашылып-шашылып қамсыз жатқан халық"[1, 79-б.] – деп айтуы, халқымыздың дүниетанымындағы түп-тамырын, себеп- салдарын қызықтап өткен өміріндегі тірлік-тіршілігіне, өмір салтына, табиғи жағдайына және жайбарақат, жаймашуақ табиғи болмысына байланысты деп қараған жөн. Кешегі қазақтар уақыт (жыл, ай, апта, тәулік) мезгілін, табиғат құбылыстарын, мал жағдайын, дос-дұшпан әдетін ешбір құрал-жабдықсыз-ақ өз түйсігі, өз тәжірибесі арқылы ақ жақсы білген, алдын ала болжай алған. Бірақ бейқамдық қасиеті асықпау-саспау, жайбасарлық қасиетін күні бүгінге дейін бойында сақталуда.

Патша үкіметінің зеңбірегіне ендігі таңда қылышпен қарсы тұруды бос шарасыздық деп түсінген Алаш зиялылары ендігі күресті ағартушылық арқылы жүргізгені барлығымызға мәлім дүние. Халқымыздың даналыққа негізделген ой түйсігін қайта жаңғырту үшін баспа ісін қолға алу керек болды. « Қазақ - сөз баққан, сөз күйттеген халық"[1, 324-б.] – деген тұжырымы, ұлтымыздың сөз қадірін жақсы білгендігінен, бірде-бір сөздің мән-мәнісін қалт жібермей, қадағалап отыратын халыққа тән ерекше қасиеті екенін олар жақсы түсіне білді. Ахмет Байтұрсынұлы «жалаң аяқ, жалаң бас, жеңдеріміз киюсіз, етектеріміз жиюсіз ашылып-шашылып қамсыз жатқан» қазақтың «алдына түсіп, жол сілтеп, басшылық» етуді мақсат тұтқанын жазды. Ахмет одан әрі: « Аталы жұртымыздың ауданды ұлтымыздың әруақты аты деп, газетіміздің есімін «Қазақ» қойдық. Ұлт үшін деген істің ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету қазақ баласына міндет » [1, 286-б.] - деп өмірлік миссиясын жария етті. Яғни, Патша өкіметінің қазақ жеріндегі отарлау саясатының тек саяси-экономикалық мақсатты ғана көздегенін емес, сонымен бірге рухани-мәдени саласын да жойғысы келгенін түсінген Алаш қайраткерлері, өз ғұмырларын қазақ халқының тәуелсіз болмысын сақтап қалуы үшін күрес жүргізді. Себебі, орыстандыру саясатын толық жүзеге асыру үшін жергілікті тұрғындардың рухани өміріне ену аса қажет мемлекеттік маңызы бар мәселелердің бірі еді. Саны жағынан көп, әрі салт-дәстүрді берік ұстанып, өздерінің дербестігін сақтап отырған халықты рухани тәуелділікке түсіру оңай болмақ емес. Ал, рухы биік елдің саяси тәуелсіздікке ұмтылатыны – табиғи құбылыс. Сондықтан патша үкіметі алдымен халықтың ұлттық салт-санасын жоюды мақсат етті. Бұл мәселені тек өзге діндегі халықтарды қоныс аударту арқылы шешу жеткіліксіз болатын. Өйткені, адамгершілігі төмен, сауатсыз казактар мен шаруалардың оған өрелері жетпейтін. «Жұрт ісіне жаны ашып, жұрт намысына қаны қызатын» азаматқа Ахмет Байтұрсынұлы «ұлт намысы» екі ауылдың, екі таптың, я екі рудың намысы емес екендігін ескертеді. «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын! – дей келіп, Ахаң, – баланы ұлша тәрбиелесең ұл болмақшы. Құлша тәрбиелесең құл болмақшы», – деп пайымдайды. [5, 13-б.] Рухани отаршылдықтың сырын терең түсінген халықты бұралқы құлдықтан, «соқыр санадан», «бұратана санадан», «адамдық айуандықтан» құтқарып, «ауруын аздырып», «теңін күшейтіп», «қазаққа ес кіргізу» жолын іздеді.

Ахмет Байтұрсынұлы ұстаз-теоретик ретінде бала тәрбиесінен бастап, ұлттық санаға дейінгі педагогикалық проблемаларды жан-жақты зерделеді. «Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін. Әлсіздерге күш беретін – өнер-білім, сол өнер-білімге

үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екенімізді білдірер едік», – деп армандады.[6, 147-б.] Байырғы халықты ежелгі аумағының түп иелігінен түпкілікті айыруға тікелей бет бұрылды. Не болып, не қойып жатқандығының арғы астарын аңғарады-ау деген естияр қауым абақтыға қамалды. Атылды. Асылды. Солардың арасында ұлттар теңдігіне, халықтар жарастығына, сол арқылы жүзеге асатын экономикалық-әлеуметтік, саяси-рухани жаңарысқа ұмтылған адамгершілік диханшысы Ахмет Байтұрсынұлы та арманда кетті. Содыр солақайлықтың заманы келді. Гуманизмнен тапшылдықты, азаматтық келісімнен әлеуметтік кекшілдікті, саяси плюрализмнен саяси теке-тіресті, бейбіт бәсекеден бітіспес бақталастықты артық қоятын әлеуметтік жыртықтың үстемдігі орнады. Ол бабалардың атағын өшіріп, ұрпақтардың жадын формацияға ұшыратты.

Қорыта айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлының XX ғасырдың басында көтерген проблемалары, жазба мұрасының мән-мазмұны, бүгінгі таңда тәуелсіздік алып отырған мемлекетіміздің күн тәртібіндегі көкейкесті мәселелерге жазып кеткен жауап секілді көрінеді. Далалық, көшпелік өмір салтын бойынан тастамаған қазақ халқы үшін ұлт ұстазының істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтыны айдан анық. Ахмет Байтұрсынұлының тарихтағы орны, оның әлеуметтік-қоғамдық істерін, дүниетанымдағы ерекшеліктерін, оны өз кезінде дұрыс көрсетіп, әділ бағасын берген С.Сейфуллин «А.Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шыққан өз заманында патша арам қулықты атарманшабармандардың қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі. Өзге оқығандар шен іздеп жүргенде қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, жоғын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді»[2, 85-б.]. Қазақ халқының тарихында өзінің рухани сана-сезімі мен парасаты және жалпы болмысы жағынан айрықша орын алатын ол ағартушы-демократ, гуманист, педагог, зерделі тарихшы, қазақ ғылымының алғашқы ұйымдастырушысы, қазақ елінің тәуелсіздікке жетуі үшін жан аямай күрескен ер азаматы, қоғам қайраткері, өз халқының жалындап жанған адал перзенті. Коммунистік-тоталитарлық жүйенің қылышынан қан тамып тұрған кезінде Ахмет Байтұрсынұлының есімін атауға тыйым салынған болатын. Сөйтіп, 70 жыл бойы Ақаңның рухани мұралары мен оның есімі тарихтан алынып тасталды. Өйтсе де, Ақаң есімі бүгінгі таңда қайта тіріліп, тыныс алып, халқының рухани өміріне өлшеусіз серпіліс әкеліп отырғаны да тарих шындығы.

Даналық ойлар мен ой-қазыналарымызды ақтармайынша, оларды қоғамдық санамызға сіңірмейінше, қазақ халқының бүгінгі мен болашағы күңгірт, айқын болмайды. Қазақы мінез, қазақы рух, қазақы менталитет, қазақы тәрбие деген қасиетті сөздерімізді үлкен мақтанышпен сөз қылып айтып жүрсек те, осы ұлтымыз үшін маңызды ұғымдардың түпкі мағынасы өзгеріп, тек сөз күйінде қолданыста қалғандай сезім болады. Халқымыздың өсіп-өркендеуі үшін ол қазыналардың маңызы өте зор. Дегенмен қазіргі күні халқымыздың тарихи қалыптасқан адамгершілікті қарым-қатынас, әдептілік, имандылық бағытындағы дәстүрлеріміздің жұтаң- дауы сезіледі. Бұл жалпы ақпараттық қоғамда болатын құбылыс, өйткені XXI ғасырдың басында әлемде болып жатқан іргелі экономикалық, саяси-әлеуметтік өзгерістер адам өмірінің барлық салаларына өз әсерін тигізді. Әсіресе, посткеңестік мемлекеттерде, мысалы Қазақстанда болған мұндай өзгерістер бұл мемлекеттердің азаматтарының тіршілігінде негізгі әлеуметтік кепілдіктерден айрылумен байланысты болғаны белгілі. Сонымен қатар, адамның еркіндігін, шығармашылығын жүзеге асыруда үлкен мүмкіндіктерге жол ашылды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. 1 т.– Алматы: «Ел-шежіре», – 2013.
2. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. 5 т.– Алматы: «Ел-шежіре», – 2013.

3. «Айқап» / Құраст.: Ү.Субханбердина, С.Дәуітов. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. – 367 б.
4. «Жан сөзімді кім түсінер». Алматы, 1994.
5. Қалиұлы С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. (Оқу құралы). Алматы: Білім, 2003.
6. Мақалалар, хаттар, А.Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ

*Бейсенбекова Н.А., т.ғ.к., доцент
«Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан*

XX ғасырдың басында тарих сахнасына шыққан қазақ зиялыларының негізгі мақсаты азаттық жолында күресу болды. Олардың бұл күресі қазақ ұлты және оның азаттық идеясын жетілдіруге бағытталды. Отаршылдық жүйеге қарсы азаттық күрес бірнеше кезеңдерінен өтті. Алаш зиялылары тәуелсіздік үшін күрестің жаңа кезеңін бастады. Бұл кезеңдегі күрестің бағыты енді қарумен емес, білім-ғылым арқылы саяси сананы ояту болды. Бұл мақсатқа жету үшін қазақтың оқыған білімді зиялылары Ұлы Дала елінің атақты даналарының және әлемдік тарихтағы ойшылдардың әр ұлттың өзінің тарихындағы ұлттық салт-дәстүріне арналған еңбектерін жақсы білді. Олар «Қорқыт Ата» кітабын «Оғыз-наме» дастанын Ж.Баласағұнның «Құтты білік», М.Х.Дулатидың «Тарихи Рашиди», М.Қашқаридің «Түркі тілдерінің сөздігі», З.Бабырдың «Бабырнаме» еңбектерінен қазақтанудың идеясын оқып білді. Отаршылдық саясаттың күшейген дәуірінде қазақ халқының сақталып қалуына қауіп төнгенін білген қазақ зиялылары ұлттың болашағы үшін күресті ғылыми мақалалар мен мерзімді басылымдар шығару арқылы жалғастырды. Осы бағытта олар қазақтың ұлттық азаттық идеясы қазақ этносымен бірге тарихта келе жатқанына ерекше көңіл аударды. Сондықтан да олардың еңбектерінде ұлттық идеяның басты мақсатының бірнеше кезеңдерін көрсетеді.

Бірінші кезең: Қазақ хандығы тұсында мемлекетті нығайту, территорияны қалыптастыру көрші мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынастар орнату, елдің бірлігін сақтау (1465-1731 ж.ж.).

Екінші кезең: XVIII ғасырда қазақ қоғамы өз мемлекеттігінен айырылғаннан кейінгі ұлттық идея - азаттық алу, саяси еркіндікті қалпына келтіру жолындағы азаттық идеясы. Бұл кезең 1917 жылға дейін созылды.

Үшінші кезең: Тоталитарлық кеңестік билік орнаған жылдары 1917-1937 жылдары Алаш автономиясы ұлттық идеясы қалыптасты. Қазақ зиялылары оқу-білімді, ағартушылықты бостандыққа жеткізетін жол деп таныды. Солардың ішінде Ахмет Байтұрсынұлы ағартушылықты ұлт-азаттық қозғалыстың қайнар көзі деп санады. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысының бірден-бір көсемі Әлихан Бөкейхан болды. Ол қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалысты еуропалық демократиялық, конституциялық, парламенттік күрес жолына бағыттады. Ал, Ахмет Байтұрсынұлы ұлт-азаттық қозғалысына гуманистік, ұлттық сипат беріп, жаңа демократиялық күрес жолын негіздеді. Себебі оны қазақ қоғамындағы надандық, қараңғылық, кертартпалық, ұлттың рухани ұйқыдан оянабауы, құлдық санадан шыға алмауы, таланған жері толғандырды. Сондықтан ол өзінің іс-әрекетін қазақ азаттық қозғалысының осындай кемшіліктермен күресуге бағыттады.